



Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау бойынша өлшемдердi айқындау туралы

Күшiн жойған

Ақмола облысы Жақсы ауданы әкiмдiгiнiң 2016 жылғы 22 маусымдағы № а-6/162 қаулысы. Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде 2016 жылғы 28 шiлдеде № 5485 болып тiркелдi. Күшi жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкiмдiгiнiң 2025 жылғы 23 сәуiрдегi № а-2/66 қаулысымен.

Ескерту. Күшi жойылды - Ақмола облысы Жақсы ауданы әкiмдiгiнiң 23.04.2025 № а-2/66 (алғашқы ресми жарияланған күнiнен кейiн күнтiзбелiк он күн өткен соң қолданысқа енгiзiледi) қаулысымен.

"Қазақстан Республикасындағы жергiлiктi мемлекеттiк басқару және өзiн-өзi басқару туралы" Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы Заңына , Қазақстан Республикасы Үкiметiнiң 2011 жылғы 9 тамыздағы № 920 "Жекешелендiру объектiлерiн сату қағидасын бекiту туралы" қаулысына сәйкес аудан әкiмдiгi **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулының қосымшасына сәйкес аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау бойынша өлшемдер айқындалсын.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау Жақсы ауданы әкiмiнiң орынбасары Л.Ш. Сейдахметоваға жүктелсiн.

3. Осы қаулы Ақмола облысының Әдiлет департаментiнде мемлекеттiк тiркелген күнiнен бастап күшiне енедi және ресми жарияланған күнiнен бастап қолданысқа енгiзiледi.

Аудан әкiмi

Қ.Сүйiндiков

Жақсы ауданы әкiмдiгiнiң
2016 жылғы "22" маусым
№ а-6/162
қаулысына қосымша

Аудандық коммуналдық мүлiктi иелiктен айыру түрлерiн таңдау бойынша өлшемдер

№ р/т	Өлшемдердiң атауы	Иелiктен айыру түрi
1	Егер мемлекеттiң алдағы уақытта мемлекеттiк меншiк объектiсiн бақылауда мүдделiгi болмаса	Аукцион түрiндегi жекешелендiру
2	Сату шартын бекiту арқылы уақыттың қандай да бiр кезеңiне мемлекет тарапынан бақылауды сақтау қажеттiлiгi болса	Тендер түрiндегi жекешелендiру

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК